

**Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің
«Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысы**

**Жезқазған қаласы
Гагарин көшесі**

12 шілде 2024 жыл

Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылғы 09 қарашада бекітілген 2023 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 9-12 шілде аралығында Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің «Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2024 жылғы 4 шілдедегі № 77 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда (бұдан әрі – комиссия) өткізілді:

- Жакупбекова Гаухар Набиевна - Ұлытау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Білім сапасын сырттай бағалау және білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;

- Бисариева Анар Тулеуовна – Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжайы» КМҚК директоры, комиссия мүшесі;

- Жартыбаева Жамал Болатбековна - Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжайы» КМҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

- Жуманова Лаззат Тулеубаевна - Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Балашан» бөбекжайы» КМҚК директоры, комиссия мүшесі;

- Уразымбетова Раушан Ислямқызы Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделесу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалшыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің «Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және толық талдау жүргізілді.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1)	білім беру ұйымының толық атауы. Қазақ тіліндегі атауы: Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад «Ертөстік» отдела образования города Жезказгана управления образования области Ұлытау
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Мира даңғылы, 55 ғим.
3)	заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт) Телефон: 8 (7102) 41 – 11 – 24

	электрондық пошта: detskiysad@edu.kz Бөбекжай сайты: https://detskiysad.edu.kz/kz/biz-turaly.html Фейсбук: https://www.facebook.com/ Инстаграм: https://www.instagram.com/ertostik13zhezkazgan
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері Заңды тұлғаның өкілі: Сакеева Калимаш Төлегеновна Ротациялау туралы бұйрық: Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Ротациялау туралы» № 76-ж бұйрығы 04.04.2022 ж. Қайта тағайындау туралы бұйрық: Ұлытау облысы білім басқармасының «Жезқазған қаласы білім бөлімі» ММ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қайта тағайындау туралы» 06.09.2022 жылғы №297 бұйрығы
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). 12.09.2022 жылғы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ұлытау облысы бойынша филиалының Жезқазған қаласының тіркеу және жер кадастры бөлімі берген Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БИН 150140002702 12.09.2022 жыл Білім беру ұйымы өзінің қызметінде 2022 жылғы 06 қыркүйектегі жарғыны басшылыққа алады.
6)	рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). - «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Қызметті жүзеге асыру деректерінің өзгергені туралы хабарлама № KZ52RVK00041940
2	Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны.
1)	Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының(нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМС) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі. Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесінің көшірмелері және т.б. Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына сәйкес оқу жоспарларының, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесінің көшірмелері қаралды. Ұсынылған құжаттарды зерделеу бағаланатын кезеңде бөбекжайда 11 топ жұмыс істегені анықталды. КМҚК «Ертөстік» бөбекжайының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі бөбекжай директорымен бекітіліп, «Жезқазған қаласы білім бөлімінің» басшысымен келісілген. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылғы оқу жұмыс жоспары және

	ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай екендігі анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйырығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 22, 23 тармақтарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.
2)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген)(бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру. <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: перспективалық жоспарлар және тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммалары (арнайы түзетуші ұйымдастырылған оқу қызметтері). Жеке бағдарламалардың көшірмелері, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды растайтын құжат көшірмелері, күн тәртібі.</i> Талдау нәтижелері: Бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспарлар және циклограммалары зерделенді. 2021-2022 оқу жылындағы Перспективалық жоспарында анықталған бұзушылықтар: -11 топтың 9 тобы перспективалық жоспары талапқа сай құрылып, бекітілген, алайда, Балапан", "Алтын балық" топтарының перспективалық жоспарлары жүктелмеген, "Бәйшешек" тобының перспективалық жоспары бекітілмеген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы 11 топтың ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарлары Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылғаны анықталды. Сонымен қатар, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының 11 топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі талапқа сай құрылып, орындалғаны анықталды. Арнайы түзетуші ұйымдастырылған іс- әрекеті 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында Ерекше білім қажет ететін балалар (бұдан әрі– ЕБҚЕ) бар топтардың циклограммасында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен ұйымдастырылған жұмыс талапқа сай екендігін анықталды (тәрбиешілер мен арнайы мамандардың құжаттары толық ұсынылған). Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру нәтижелері: 2021 – 2022 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі - ЕБҚЕ) балалар саны – 7. ЕБҚЕ балалар бар топтардың циклограммасында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен (ЕБҚЕ бала) жұмыс міндеті көрсетілмеген. 2022-2023 оқу жылындағы ЕБҚЕ балалар саны – 5. ЕБҚЕ балалар бар топтардың циклограммасында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен (ЕБҚБ бала) жұмыс міндеті көрсетілмеген. 2023-2024 оқу жылындағы ЕБҚЕ балалар саны – 5. ЕБҚЕ балалар бар топтардың циклограммасында ерекше білім беруді қажет

ететін балалармен жұмыс түрі талапқа сай екендігі анықталды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына бөбекжайда психологиялық-педагогикалық консилиум және психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу қызметтері құрылған, бұйрықтар көшірмелері ұсынылған.

Штат бойынша педагог – психолог, педагог-ассистент, педагог-дефектолог, педагог-логопед мамандары бекітілген.

Педагог-психолог маманының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жеке дамыту және бейімделген бағдарламалары талапқа сай екені анықталды (2 педагог-психологтың құжаттары ұсынылған).

Тәрбиешінің ұсынылған жеке дамыту бағдарламалары оқу жылдары бойынша толық жүктелген. Тәрбиешінің тәрбиелеу-білім беру процессінің циклограммасында жеке жұмыс бөлімінде ерекше білім қажет ететін балалармен (әрі қарай-ЕБҚЕ) жеке жұмыс түрі көрсетілген.

Барлық мамандардың ЕБҚЕ балалармен атқарған жеке бағдарламалары толық зерделенді.

2023-2024 оқу жылында жеке бейімделген, қосымша білім беру қызметін жүзеге асырылғанына байланысты 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында кездескен кемшіліктер жойылды деп саналады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2 тарауының 17 тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығының 2 қосымшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығына сәйкес келеді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкестігі:

Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар:білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 1-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытумен қамтамасыз етуде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың дипломдарының көшірмелері, педагогтардың біліктілік санаттары, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытумен қамтамасыз етуде кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің біліктілік арттыру курстары, педагогтар жетістіктері, итаттық кесте, оқу –материалдық активтер, ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Талдау нәтижелері:

№	Директордың толық аты – жөні	Ротациялау бұйрығы	Действующая категория	№ и дата приказа удостоверения
1	Сакеева Калимаш Толегеновна	№ 76-ж от 04.04.2022 год	Үшінші санатты басшы	№ 216-Н от 27.12.2021 го

Педагогтар білімдері туралы мәліметтері әр жыл бойынша жеке-жеке ұсынылған:

2021-2022 оқу жылы:

барлығы – 29 педагог, оның ішінде:

- орта білімді – 14 педагог, - жоғары білімді – 15 педагог
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша:
 - орта білімді – 13 педагог, - жоғары білімді – 9 педагог.
 2022-2023 оқу жылы:
 барлығы – 31 педагог, оның ішінде:
 орта білімді – 13 педагог, жоғары білімді – 18 педагог
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша:
 - орта білімді – 12 педагог, - жоғары білімді – 10 педагог.
 2023-2024 оқу жылы:
 барлығы – 30 педагог, оның ішінде:
 - орта білімді – 13 педагог, - жоғары білімді – 17 педагог
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша:
 - орта білімді – 11 педагог, - жоғары білімді – 11 педагог.
 2023-2024 оқу жылындағы 30 педагог (тәрбиеші – 22 және 8 маман бар (әдіскер-2, педагог-психолог-1, музыка жетекшісі-2, дене шынықтыру нұсқаушысы – 2, педагог-дефектолог-1).

Бағалау кезеңіндегі педагогтардың біліктілік санаттары:

Біліктілік санаттарының атауы	2021-2022 оқу жылы (29 педагог)	2022-2023 оқу жылы (31 педагог)	2023-2024 оқу жылы (30 педагог)	Санатты алып тастау туралы бұйрық
жоғары біліктілік санаты	-	1	-	
I біліктілік санаты	-	1	-	21.08.2023 №51-І-н -Романова Л.М.
II біліктілік санаты	4	8	5	21.08.2023 №51-І-н Абилова Э.К. Ибраимова Л.Е. Каскабасва М.Т.
педагог-зерттеуші	-	-	1	
педагог-сарапшы	-	-	-	
педагог-модератор	12	10	8	
санатсыз	12	11	15	
директордың 3-ші біліктілік санаты	1	1	1	
%	0	6,5%	3,2%	

Ескерту: Бағалау кезеңіндегі аралықтарда сапалық көрсеткіштердің ауытқуы кадрлардың ауысуына байланысты екендігі анықталды.

Біліктілік арттыру курстары:

Бағалау кезеңіндегі бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан барлық педагог өткені анықталды. Инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша барлық педагог біліктілік арттыру курстарынан өткені анықталды.

Педагогтар жетістіктері:

2021-2022 оқу жылында Республикалық байқауы- 13 (5,9%)
 Қалалық байқаулар - 4 (3%)
 2022-2023 оқу жылында: халықаралық байқаулар үлесі- 60 (27,7%),
 Республикалық байқаулар -64(29%)

Облыстық байқаулар -7 (3,3%)

Қалалық байқаулар -4 (4,2%)

2023-2024 оқу жылында: халықаралық байқаулар үлесі- 35 (16,4%),

Республикалық байқаулар -18(29,1%)

Облыстық байқаулар -9 (2%)

Қалалық байқаулар -6 (6,2%)

Осылайша, үлгілік оқу жоспарының қосымшасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиенушілердің жетістіктерін бақылау жұмыстары жүйелі және орнықты жүргізілгені анықталды.

Штаттық кесте:

Штат саны мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы» № 77 қаулысымен бекітілген қызметкерлердің үлгілік штаттарына сәйкес белгіленген. Штат кестесі және педагогтарды тарифтеу мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастырылған (тиісті материал бар).

Штаттық кесте бағаланып отырған барлық мерзімде (2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары) тарификациялық кестеге сәйкес, әр жылға ұсынылғаны анықталды.

Оқу –материалдық активтер, акпараттық ресурстар және кітапхана қоры:

Бөбекжай салынған жылы - 1971 ж.

Бөбекжай ғимараты-екі қабатты, типтік.

Жалпы ауданы - 1724,3 ш.м. Негізгі ауданы-972,5 ш. м.

2023 жылы жылу жүйелеріне жөндеу жұмыстары, аббаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Жобалық қуаты - 255 бала.

Жылыту жүйесі, сумен жабдықтау (ыстық, суық су), кәріз – орталықтандырылған.

Бөбекжайда белгі бар мекеменің атауы, бекітілген талаптарға сәйкес.

Жұмыс режимі:

- аптасына 5 күн: дүйсенбі-жұма, 12 сағат (07.00-19.00)

- сенбі-жексенбі: демалыс күндері.

Бөбекжайда 11 топ бар, топтардың ішінде қабылдау бөлмесі, ойын бөлмелері, жатын бөлмелері, жуынатын бөлмелері бар. Одан жеке музыка залы, бассейн, дене шынықтыру залы, қазақ тілі кабинеті, психолог кабинеті, сенсорлық бөлме, хореография залы, баулу студиясы, әдістемелік кабинет, медициналық блок, асхана, кір жуатын орын, есепші бөлмелерімен қамтылғаны анықталды.

Барлық кабинеттерде акпараттық стендтер рәсімделген. Кабинеттер қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Бөбекжайда 11 топ бар, топтардың ішінде қабылдау бөлмесі, ойын бөлмелері, жатын бөлмелері, жуынатын бөлмелері бар. Одан жеке музыка залы, дене шынықтыру залы, қазақ тілі кабинеті, психолог кабинеті, әдістемелік кабинет, медициналық блок, асхана, кір жуатын орын, медициналық, есепші бөлмелері бар. Барлық кабинеттер тиісті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Барлық топтарда танымдық қызығушылықты белсендіретін танымдық ойыншықтар, қимылды ойындарға арналған қажетті құралдар, соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар бар екені анықталды.

Жатын бөлмелер стационарлық кереуеттермен жабдықталған, бір топта балалар саны бойынша қабықпалар бар. Төсек жабдықтары жеткілікті мөлшерде бар-3 ауыстырылатын жиынтық бар екені анықталды.

Қабылдау бөлмелерінде СанПИН талаптарына сәйкес балаларды шешіндіруге арналған шкафтар талапқа сай.

Бөбекжай аумағында 11 серуендеу алаңы бар. Ойын алаңдары ойықтармен (беседка), құмсалғыштармен, балалардың ойын әрекетін және демалысын ұйымдастыруға арналған шағын формалармен жабдықталғаны анықталды.

	Барлық жас топтарында балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуға және учаскелерде спорттық ойындар өткізуге арналған шығарылатын жабдықтар жеткілікті мөлшерде бар. Учаскелерде қоршаған ортаны ұйымдастыру балаларға экологиялық тәрбие мен білім беруді қамтамасыз ететіні анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығының 24 тармағына сәйкес келеді.
4)	Баланың жеке даму мониторингін және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің оқу нәтижелерінің болуы: Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы барлық жас топтары бойынша тәрбиеленушілердің жеке даму карталары қаралды. 2021-2022 оқу жылында 11 топтың тәрбиеленушілердің жеке даму картасы зерделенді. Барлық зерделенген жеке даму карталарында тәрбиеленушілердің жастары мен топтары дұрыс жазылған және бастапқы, аралық, қорытынды іс-шаралары бес білім беру салаларына сай жазылып, педагог мамандарының іс-шаралары көрсетілген. "Ертөстік" бөбекжайы тәрбиеленушілерінің бағдарламалық материалды меңгеруін бақылау мақсатында 2021-2022 оқу жылындағы нәтижелері: • Бастапқы - 66%; • Аралық – 86%; • Қорытынды – 97% "Бұлақ", "Гүлдер", "Айгөлек", "Алтын балық", "Қызғалдақ" топтарының мониторинг нәтижелері жүктелмегені анықталды. "Балапан", "Күншуақ", "Раушан", "Аққайын", "Гүлдер", "Айгөлек", "Алтын балық", "Қызғалдақ" топтарының тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылмағаны анықталды. 2021 – 2022 оқу жылында мектепалды топ тәрбиеленушілері болмады . 2022-2023 оқу жылында 11 топтың тәрбиеленушілердің жеке даму картасы зерделенді. Барлық зерделенген жеке даму карталарында тәрбиеленушілердің жастары мен топтары дұрыс жазылған және бастапқы, аралық, қорытынды іс-шаралары бес білім беру салаларына сай жазылып, педагог мамандарының іс-шаралары көрсетілген. Түрлі жас "Күншуақ" тобында (2 жастағы балалар, 3 жастағы балалар) мониторинг нәтижелері тек 2 жастағы балаларға жасалған, 3 жастағы балаларға жасалмағаны анықталды. 2022 – 2023 оқу жылында «Ертөстік» бөбекжайында 1 мектепалды «Айгөлек» тобы болды . Мониторинг нәтижелері: Физикалық қасиеттерді дамыту 95,5 % Коммуникативтік дағдыларды дамыту 94 % Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 96,3 % Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту 95,8 % Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру 95,5 % 2023-2024 оқу жылы 245 бала. . Барлық зерделенген жеке даму карталарында тәрбиеленушілердің жастары мен топтары дұрыс жазылған, бастапқы, аралық, қорытынды іс шаралары білім беру күзінеттілігіне сәйкес бала саны мен пайызы дұрыс есептелініп берілді. «Ертөстік» бөбекжайында 1 мектепалды «Раушан» тобы жұмыс атқарды. «Раушан» мектепалды тобы: Мониторинг нәтижелері: Физикалық қасиеттерді дамыту 95,7 % Коммуникативтік дағдыларды дамыту 94,1 %

	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 96,3 % Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту 94,5 % Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру 95 % 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының физикалық қасиеттерді дамыту коммуникативті дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылары бойынша жалпы әдіскердің жиынтық есебі ұсынылған. Осылайша, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының тәрбиеленушілердің жеке даму мониторингісі жүргізу жұмыстары талаптарға сәйкес келетіні анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 22 тармағына сәйкес келеді.
3.	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлеміне талаптар
1)	МДТО УОБ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сәйкестігі: <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспарларының, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесінің, күн тәртібі.</i> Талдау нәтижелері: 2021-2022 оқу жылының перспективалық жоспарлары, оқу және тәрбие жұмысының жылдық тақырыптық жоспарлары өтпелі тақырыптарды ескере отырып жасалған. Барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, күн тәртібі директормен бекітіліп, мөрмен расталған, алайда • «Гүлдер», «Бұлақ», «Айгөлек», «Алтын балық» топтарының циклограммалары толық жүктелмегені анықталды; • "Күншуақ" тобы- қыркүйек, наурыз; "Ақ қайың" тобы - сәуір, мамыр; «Бәйшешек» тобы қараша, желтоқсан айларының циклограммалары жүктелмегені анықталды; • "Аққайың" тобы циклограммасында 16 желтоқсан, 31 ақпан күндері жоспарланғаны анықталды. • "Бәйшешек" тобында мамыр айының циклограммасында 7 мамыр күні, "Аққайың" тобында 7, 9 мамыр мереке күндері жоспарланғаны анықталды • Орыс тілі маманының циклограммасы жүктелмегені анықталды; 2022-2023 оқу жылының циклограммаларын зерделеу барысында ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері перспективалық жоспардағы міндеттеріне сәйкес келеді, алайда: • «Күншуақ», «Қызғалдақ» топтарының циклограммалары жүктелмегені анықталды; • Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысының, қазақ тілі маманының циклограммалары жүктелмегені анықталды. • "Бәйшешек" түрлі жас (4 жастағы, 5 жастағы) тобында 2 қыркүйекте Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті бөлімінде 7 жастағы балаларға деп көрсеткені анықталды; • "Алтын балық", "Аққайың" топтарында тәрбиешінің ЕБҚЕ баламен жұмысы циклограммада жоспарланбағаны анықталды; 2023-2024 оқу жылының 11 топтың циклограммалары зерделеу барысында талапқа сай жазылған, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесіне сәйкес құрылған. Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысының циклограммалары әр айға бөлініп жазылғаны анықталды. 2023-2024 оқу жылында перспективалық жоспар, циклограммалары талапқа сай жазылғанына байланысты 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында кездескен кемшіліктердің жойылды деп саналды.

	Осылайша тәрбиеленушілерді оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптардың сақталатыны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 22 тармағына, 4 тарауының 5 тармағына сәйкес келеді.
4.	Тәрбиелеу және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.
1)	Жас топтарын қалыптастыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, талаптарды сақтау: Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: Әдістемелік нұсқаулықтардың 3-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері. Талдау нәтижелері: критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 жылдардағы жас топтарын толықтыру кезінде жас кезеңділігінің сақталуын растайтын тізімдердің көшірмелері ұсынылды. Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу бағаланатын кезеңде "Ертөстік" бөбекжайы КМҚК-да 11 жас тобы жұмыс істегенін көрсетті. Оның ішінде: мемлекеттік тіліндегі - 10 топ; орыс тіліндегі - 1 топ. Жобалық қуаты 255 тәрбиеленушіні құрайтыны анықталды. 2021-2022 оқу жылында: - 240 тәрбиеленушіні құрайды Оның ішінде ЕБҚЕ балалар саны – 7 30.09.2021 жылға арналған жас топтары бойынша балалардың құрамы: 1. «Жұлдызша» кіші топ-2 жастан бастап балалар саны – 20 2. «Балапан» кіші топ-2 жастан бастап балалар саны – 20 3. «Гүлдер» кіші топ-2 жастан бастап балалар саны – 20 4. «Күншуақ» ортаңғы топ - 3 жастан бастап балалар саны – 20 , (1 бала ЕБҚЕ) 5. «Бұлақ» ортаңғы топ - 3 жастан бастап балалар саны – 20 , (2 бала ЕБҚЕ) 6. «Аққайың» ортаңғы топ - 3 жастан бастап балалар саны – 15 , (1 бала ЕБҚЕ) 7. «Айгөлек» ортаңғы топ - 3 жастан бастап балалар саны – 15 , (1 бала ЕБҚЕ) 8. «Алтын балық» ересек топ - 4 жастан бастап балалар саны – 23 , (1 бала ЕБҚЕ) 9. «Қызғалдақ» ересек топ - 4 жастан бастап балалар саны – 23 10. «Бәйшешек» ересек топ - 4 жастан бастап балалар саны – 23 , (1 бала ЕБҚЕ) 11. «Раушан» ересек топ - 4 жастан бастап балалар саны – 24 Барлығы 11 топ- топтарының тәрбиеленушілері жас ерекшелігіне сай көрсетілген. 2022-2023 оқу жылында: 232 тәрбиеленушіні құрайды. Оның ішінде ЕБҚЕ балалар саны 5 бала 1. «Гүлдер» кіші тобы – 2 жастағы балалар – 20 2. «Жұлдызша» кіші тобы – 2 жастағы балалар – 20 3. «Балапан» кіші тобы – 2 жастағы балалар – 20 4. «Күншуақ» түрлі жастағы топ – 2 жастағы, 3 жастағы балалар – 20 5. «Қызғалдақ» ортаңғы тобы – 3 жастағы балалар – 19 , (2 бала ЕБҚЕ) 6. «Алтын балық» ортаңғы тобы – 3 жастағы балалар – 22 , (1 бала ЕБҚЕ) 7. «Раушан» ересек тобы – 4 жастағы балалар – 25 8. «Аққайың» ересек тобы – 4 жастағы балалар – 23 , (1 бала ЕБҚЕ) 9. «Бұлақ» ересек тобы – 4 жастағы балалар – 24 10. «Бәйшешек» түрлі жастағы топ – 4 жастағы балалар, 5 жастағы балалар – 16 11. «Айгөлек» мектепалды тобы – 5 жастағы балалар – 23 , (1 бала ЕБҚЕ) 2022-2023 оқу жылы бойынша бөбекжайда әр жас ерекшеліктерімен топтар тізімі құрылған, оның ішінде түрлі жас екі топ бар. 2023-2024 оқу жылында тізімдік құрам - 245 бала құрайды: Оның ішінде ЕБҚЕ 5 бала: 1. «Жұлдызша» кіші тобы – 2 жастағы балалар саны – 20 2. «Балапан» кіші тобы – 2 жастағы балалар саны – 20 3. «Гүлдер» кіші тобы – 2 жастағы балалар саны – 20 4. «Бұлақ» ортаңғы тобы – 3 жастағы балалар саны – 22 , (1 бала ЕБҚЕ) 5. «Айгөлек» ортаңғы тобы – 3 жастағы балалар саны – 25

	6. «Күншуақ» ортанғы тобы – 3 жастағы балалар саны – 25 7. «Аққайың» ересек тобы – 4 жастағы балалар саны – 24 8. «Қызғалдақ» ересек тобы – 4 жастағы балалар саны – 21, (2 бала ЕБҚЕ) 9. «Алтын балық» ересек тобы – 4 жастағы балалар саны – 23, (1 бала ЕБҚЕ) 10. «Бәйшешек» ересек тобы – 4 жастағы балалар саны – 20, (1 бала ЕБҚЕ) 11. «Раушан» мектепалды тобы – 5 жастағы балалар саны – 25 Әр түрлі жастағы топтардың болуы туралы мәліметтер: 2021-2022 жылдары- түрлі жастағы топтар жоқ 2022-2023 жылдары- түрлі жастағы топтар саны: 2 түрлі жастағы «Күншуақ» орыс тілді топ (2 жастағы, 3 жастағы балалар) түрлі жастағы «Бәйшешек» қазақ тілді топ (4 жастағы, 5 жастағы балалар) 2023-2024 жылдары - түрлі жастағы топтар жоқ Критерий бойынша зерделеуге ұсынылған құжаттарды талдау барысында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы - жас топтарын қалыптастыру СанПин сәйкес балалардың жасын ескере отырып және ЕББҚ бар балаларды есепке ала отырып бала саны талапқа сай екені анықталды;
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» 4 тарауының 25 тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйырығының 7 және 8 тармақтарына сәйкес келеді.
2)	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту Үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушіге 1-сыныпқа қабылдағанға дейін меңгерту мерзімінің сақталуы: Талдау нәтижелері: критерий бойынша зерделеуге ұсынылған құжаттарды талдау барысында 2022-2023 оқу жылы бойынша бөбекжайда жас құрамы бойынша топтар тізімі құрылған, жас ерекшеліктері аралас топтар бар. Алайда, балаларды бөбекжайға қабылдау/шығару туралы бұйрық ұсынылмағанына байланысты, зерделеу мүмкіндігі болмады. 2023-2024 оқу жылы бойынша бөбекжайда жас құрамы бойынша топтар тізімі дұрыс құрылғаны анықталды. Тәрбиеленушілердің жетістіктері: 2021-2022 оқу жылында Республикалық байқауы- 8 (3,3%) Қалалық байқаулар - 4 (1,7%) 2022-2023 оқу жылында: халықаралық байқаулар үлесі- 35 (15%), Республикалық байқаулар -13(5,6%) Облыстық байқаулар -7 (3,1%) Қалалық байқаулар -5 (2,1%) 2023-2024 оқу жылында: халықаралық байқаулар үлесі- 35 (14,4%), Республикалық байқаулар -18(7,3%) Облыстық байқаулар -9 (3,7%) Қалалық байқаулар -6 (2,5%) Осылайша, үлгілік оқу жоспарының қосымшасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау жұмыстары жүйелі және орнықты жүргізілгені анықталды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында ЕБҚЕ саны топта дұрыс жасақталған • 2021 – 2022 оқу жылында мектепалды топ тәрбиеленушілері болмады. • 2022 – 2023 оқу жылында «Ертөстік» бөбекжайында 1 мектепалды «Айгөлек» тобы болды. • 2023 – 2024 оқу жылында «Ертөстік» бөбекжайында 1 мектепалды «Раушан» тобы жұмыс атқарды.

	Осылайша, балабақшада тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту Үлгілік оқу бағдарламасы игеру мерзімі сақталатыны анықталды. Бөбекжай мемлекеттік тапсырысқа сәйкес жабдықталған – 255 орын. Критерий бойынша зерделеуге ұсынылған құжаттарды талдау барысында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы - жас топтарын қалыптастыру СанПин сәйкес балалардың жасын ескере отырып және ЕБҚЕ бар балаларды есепке ала отырып жүргізілгені анықталды; - 1 сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін ТБД үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері сақталатыны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4 тарауының 26 тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйырығының 1 тарауының 14 тармағына сәйкес келеді.
5.	Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі
3)	Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша анықтау. <i>Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар:</i> Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымшада белгіленген сұрақтар тізбесіне сәйкес онлайн форматта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдері); мектепке дейінгі жас топтары болмаған жағдайда - ересек тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жүргізілген сауалнамаға талдау: Талдау нәтижелері: Ағымдағы жылда 30 педагог тәрбие мен оқытумен қамтамасыз етеді. Барлық педагог жалпы санынан 29 педагог сауалнамаға қатысқан (сауалнамаға қатыспаған 1 педагогтің сауалнамаға не себепті қатыспағаны анықталмады), бұл сауалнама жүргізуге педагог құрамының 98 % - ын құрайды. Сауалнамадағы сұрақ саны – 19, барлық жауап саны 551. Сауалнама қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымның жұмыс уақыты талаптарына, педагогтерге білім беру процесіне белсене қатысуы біліктілігін арттыру жағдайына, психологиялық ахуалы жайына педагогтардың қанағаттанатын байқауға болады. Барлық тәрбиеленушілердің жалпы санынан 103 тәрбиеленушінің ата-анасы жүргізілген сауалнамаға қатысқан, бұл сауалнама жүргізуге жататын ересек жастағы контингенттің тізімдік құрамынан тәрбиеленушілердің 97 %-ын құрайды. Тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелерін зерттеу көрсетілген тізім мен дағдылардың мазмұны бойынша жауаптардың үлесі келесіні көрсетті: Сауалнамадағы сұрақ саны - 13, барлық жауап саны 1339 (3 ата-ана соңғы сұрақтарға жауап бермеген). Сауалнама бойынша «келісемін», «толық келісемін» өлшемшарттары жиынтығында 1296 респонденттердің 97 %-ы тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанғаны анықталды.
	ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда № 348 бұйырығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келеді

ҚОРЫТЫНДЫ: Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Сатпаев қаласы білім беру бөлімінің «Ертөстік» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының білім беру қызметі Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын
іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау парағы**

№	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Бал дары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Талдау нәтижесінде тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын (31.08.2022ж. №385) сақтау аясында барлық педагогтардың тиісті педагогикалық білімдері (жоғары, арнайы орта) бар екендігі анықталды.	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	«Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК педагогтары біліктілік арттыру жоспарына сәйкес аттестаттаудан уақытылы өтіп отырады. Педагогикалық кадрларды талдау педагогтар жалпы санының 3,2% біліктілік санаты бар.	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Бағалау кезеңіндегі бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтар 2021-2022 жылы-7 педагог, 2022-2023 жылы- 12 педагог, 2023-2024 жылы- 11 педагог біліктілік арттыру курстарынан өткен.	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	Мектепке дейінгі ұйымды жиһазбен жабдықтау және жарақтандыру ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығына сәйкес. Осылайша, бөбекжайдың пәндік-кеңістіктік даму ортасы баланың өмірді қорғау мен денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді.	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №	Оқу жылында арнайы мамандардың ерекше білім қажеттілігі бар әрбір баланың білім, білік, дағдыларына және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке түзеу-дамыту бағдарламалары құрылған. ЕБҚЕ балалардың топ тәрбиешілерінің, музыка жетекшісінің, педагог-психологтің бірлескен түзету жұмыстарының перспективалық жоспарлары, бейімделу бағдарламалары, маманның жұмыс кестесі, жеке дамыту бағдарламалары 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына	5

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау парағы

№	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Талдау нәтижесінде тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын (31.08.2022ж. №385) сақтау аясында барлық педагогтардың тиісті педагогикалық білімдері (жоғары, арнайы орта) бар екендігі анықталды.	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	«Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК педагогтары біліктілік арттыру жоспарына сәйкес аттестаттаудан уақытылы өтіп отырады. Педагогикалық кадрларды талдау педагогтар жалпы санының 3,2% біліктілік санаты бар.	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	Бағалау кезеңіндегі бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтар 2021-2022 жылы-7 педагог, 2022-2023 жылы- 12 педагог, 2023-2024 жылы- 11 педагог біліктілік арттыру курстарынан өткен.	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы	Мектепке дейінгі ұйымды жиһазбен жабдықтау және жарактандыру ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығына сәйкес. Осылайша, бөбекжайдың пәндік-кеңістіктік даму ортасы баланың өмірді қорғау мен денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді.	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №	Оқу жылында арнайы мамандардың ерекше білім қажеттілігі бар әрбір баланың білім, білік, дағдыларына және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке түзеу-дамыту бағдарламалары құрылған. ЕБҚЕ балалардың топ тәрбиешілерінің, музыка жетекшісінің, педагог-психологтің бірлескен түзету жұмыстарының перспективалық жоспарлары, бейімделу бағдарламалары, маманның жұмыс кестесі, жеке дамыту бағдарламалары 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына	5

	23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	ұсынылған. Психологиялық педагогикалық консилиум және Психологиялық педагогикалық сүйемелдеу қызметтері құрылған, бұйрықтар көшірмелері ұсынылған.	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен сәйкес.	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Топтарды қалыптастыру кезінде ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес жас кезеңділігі қағидалары сақталады.	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Сауалнамаға 103 ата-ана қатысқан. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне 97 % респондент қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Сауалнамаға 29 педагог қатысқан. 98% респондент сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
Балдардың жалпы сомасы			43 жақсы
Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің "Ертөстік" бөбекжайы" КМҚК-ны қызметінің нәтижесі «үлгілі» болып бағаланады			

Өлшемдер бойынша білім беруді ұйымдастыруды қорытынды бағалау:

Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің "Ертөстік" бөбекжайы" КМҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

2024 жылғы «12» шілдедегі комиссияның хаттамалық шешімі: Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі: Ұлытау облысының білім беру басқармасы, Жезқазған қаласы білім беру бөлімінің "Ертөстік" бөбекжайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны "Аттестатталды"

Комиссия төрағасы:



Жакупбекова Гаухар Набиевна


Комиссия мүшелері:



Бисариева Анар Тулеуовна



Жартыбаева Жамал Болатбековна



Жуманова Лаззат Тулеубаевна



Уразымбетова Раушан Ислямовна